**Сәбит Мұқановтың туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтойды дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 7 сәуір N 521

Қазақтың аса көрнекті жазушысы, академик Сәбит Мұқановтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда аса көрнекті жазушы, академик, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Сәбит Мұқановтың туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтойды (бұдан әрі - мерейтой) дайындау және өткізу жөніндегі республикалық мерейтойлық комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Сәбит Мұқановтың мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспары бекітілсін.

3. Сәбит Мұқановтың мерейтойына арналған іс-шараларды қаржыландыру 2000 жылға арналған бюджетте тиісті мемлекеттік мекемелерге - бағдарламалардың әкімшілеріне көзделген қаражаттың есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазаақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 7 сәуірдегі
N 521 қаулысына
қосымша

С. Мұқановтың туғанына 100 жыл толуына
арналған мерейтойды дайындау
және өткізу жөніндегі республикалық
мерейтойлық комиссияның
Құрамы

Кекілбаев - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
Әбіш Кекілбайұлы хатшысы, төраға (келісім бойынша)

| | |
|---|---|
| Сәрсенбаев Алтынбек Сәрсенбайұлы | - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі, төрағаның орынбасары |
| Оразалин Нұрлан Мірқасымұлы | - Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы, төрағаның орынбасары (келісім бойынша) |
| Бүркітбаев Серік Мінуәрұлы | - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі |
| Ыбраев Шәкімашрап | - М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры |
| Ыдырысов Ерлан Әбілфайызұлы | - Қазақстан республикасының Сыртқы істер министрі |
| Көшербаев Қырымбек Елеуұлы | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі |
| Кәкішев Тұрсынбек Кәкішұлы | - Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны кафедрасының меңгерушісі |
| Қасейінов Дүйсен Қорабайұлы | - Қазақстан Республикасыының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы |
| Қозыбаев Манаш Қабашұлы | - Ш. Уәліханов атындағы тарих және этнология институтының директоры |
| Құдабаева Гүлнәр Жетпісқызы | - С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтың мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешенінің директоры |
| Құсайынов Амангелді Құсайынұлы | - Л. Гумилев атындағы Еуразия университетінің ректоры |
| Марченко Григорий Александрович | - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасы (келісім бойынша) |
| Мұқанов Алтай Сәбитұлы | - жазушының баласы, отставкадағы полковник |
| Нағманов Қажымұрат Ыбырайұлы | - Солтүстік Қазақстан облысының әкімі |
| Храпунов Виктор Вячеславович | - Алматы қаласының әкімі |

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы
7 сәуірдегі
N 521 қаулысымен
бекітілген

Сәбит Мұқановтың 100 жылдығын

дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралардың
Жоспары

| N р/р | Іс-шаралар | Орындау мерзімі | Орындау үшін жауаптылар |
| --- | --- | --- | --- |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | С. Мұқанов шығармаларының қазақ және орыс тіліндегі 10 томдық академиялық жинағын, оның ішінде 2 томын 2000 жылы басып шығаруды, кинохроникалардың архивтік мате. риалдарынан жазушы туралы 2 бө. лімді деректі фильм шығаруды, "С. Мұқанов" энциклопедиялық сөздігін, "С. Мұқанов туралы замандастарының естеліктері" атты жинақты шығаруды қамтамасыз ету | 2000-2005 жылдар | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Жазушылар одағы (келісім бойынша) |
| 2 | С. Мұқановтың мерейтойына арнайы почта маркаларын, открыткалар, конверттер шығару | 2000 ж. II тоқсан | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 3 | С. Мұқановтың әдеби-мемориалдық - музей үйінің экспозициясын | 2000 ж. II тоқсан | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жаңалау | | |
| 4 | "С. Мұқанов және әлемдік әдеби процесс" атты симпозиум өткізу | 2000 ж. II тоқсан | Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Жазушылар одағы (келісім бойынша) |
| 5 | Алматы қаласында С. Мұқановтың туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтой салтанатын өткізу | 2000 ж. II тоқсан | Алматы қаласының әкімі |
| 6 | Алматы қаласында С. Мұқановтың ескерткіш-мүсінін орнату және салтанатты түрде ашу | 2000 ж. III тоқсан | Алматы қаласының әкімі |
| 7 | Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Сәбит ауылын. дағы С. Мұқановтың музейіне күрделі жөндеу жүргізу | 2000 ж. II тоқсан | Солтүстік Қазақстан облысының әкімі |
| 8 | Солтүстік Қазақстан облысында С. Мұқановтың туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтой салтанатын өткізу | 2000 ж. II тоқсан | Солтүстік Қазақстан облысының әкімі |
| 9 | Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданындағы С. Мұқановтың әке-шешесінің ескерткішін жөнге келтіру | 2000 ж. II тоқсан | Солтүстік Қазақстан облысының әкімі |

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК